

Әскери техниканы экспорттау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1993 ж. 7 маусым N 232-ө

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 16 ақпандағы N 118 қаулысына сәйкес:

"КЭМПО" корпорациясының кәсіпорындары экспортқа беріп тұратын қару-жарап пен әскери техника, арнаулы жинақтаушы бұйымдар, жұмыстар мен қызметтер тізбесі N 1 қосымшаға (құпия) сәйкес;

"КЭМПО" корпорациясының кәсіпорындары экспортқа беріп тұратын арнаулы өнімдер, жинақтаушы бұйымдар, жұмыстар мен қызметтер тізбесі N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

"КЭМПО" мемлекеттік корпорациясы Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен келісім бойынша кәсіпорындардың ТМД елдерімен әскери-техникалық ынтымақтастығы саласында қару-жарақтың, әскери техниканың, арнаулы жинақтаушы бұйымдардың, жұмыстар мен қызметтердің экспортты мен импортты жөніндегі өтініштерін бекітілген тізбелерге және жасалған шарттарға (контрактілерге) сәйкес қарастырын.

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі тізбеде көрсетілген өнімдердің, жұмыстар мен қызметтердің экспортты мен импорттына "КЭМПО" Мемлекеттік корпорациясының рұқсаты бойынша кәсіпорындарға лицензия беру мәселесін қарайтын болсын.

Тізбелерде көрсетілген өнімдерді өндіру, жұмыстар мен қызметтердің ақшаға шаққандағы көлемін өнім жасаушы кәсіпорындар инфляцияны ескере отырып уағдаластық негізде тапсырыс берушілермен нақтылайды.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

1993 жылғы 7 маусымдағы

N 232 өкіміне

N 2 қосымша

"КЭМПО" корпорациясының кәсіпорындары, 1993 жылы
экспортқа беріп тұратын арнайы өнімдердің,
жинақтаушы бұйымдардың, жұмыстар мен қызметтердің
ТІЗБЕСІ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК